

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! КОНКУРС!

КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНДА АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТІҢ ҮЗДІК ЖҰМЫС ЖОБАСЫНА АРНАЛҒАН АШЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КОНКУРС

Ақмола облысының мәдениет басқармасы Көкшетау қаласында қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы және қоғам қайраткері Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштің үздік жұмыс жобасына ашық республикалық шығармашылық конкурс жариялайды.

Конкурстық жобаларды қабылдау мерзімі

2026 жылғы 17 тамыздан 17 қыркүйекке дейін.

1. Конкурстың мақсаты

Конкурстың мақсаты – Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштің үздік сәулеттік-көркемдік және мүсіндік шешімін айқындау және оны белгіленген тәртіппен одан әрі қарауға ұсыну.

Жоба Абай Құнанбайұлының тұлғасын, оның тарихи, рухани және мәдени маңызын, қазақ әдебиетін, мәдениетін, білімін және қоғамдық ой-пікірді дамытуға қосқан үлесін барынша толық ашуы тиіс.

2. Конкурс бағдарламасы

Ескерткіштің сәулеттік-көркемдік шешімі мәнерлі, өзіндік ерекшелігі бар және тұтас композициялық сипатқа ие болуы, сондай-ақ қаланың сәулеттік және ландшафтық ортасына үйлесімді кірігуі тиіс.

Жобаны әзірлеу кезінде ескерткіш орнатылатын жердің қала құрылысына қатысты ерекшеліктерін, қоршаған кеңістіктің ауқымын, ескерткіштің іргелес көшелер мен жаяу жүргіншілер аймақтарынан көріну ерекшеліктерін, сондай-ақ іргелес аумақтың композициялық шешімін ескеру қажет.

Жобада монументтік өнер құрылыстарына қойылатын талаптарға сәйкес келетін ұзақ мерзімді пайдалануға жарамды, берік және климаттық жағдайларға төзімді материалдарды, оның ішінде гранит, мәрмәр, қола және басқа да материалдарды қолдану көзделуі тиіс.

Ескерткішті болжамды орнату орны: Көкшетау қаласы, Абай және Қ. Сәтбаев көшелерінің қиылысы.

3. Конкурс шарттары

Конкурсқа мүсіншілер, сондай-ақ авторлық ұжымдар қатыса алады. Конкурстық жобалар Ақмола облысының мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы» КММ-не 2026 жылғы 17 қыркүйектен кешіктірмей мына мекенжай бойынша ұсынылады: Көкшетау қаласы, Әуезов көшесі, 218, 2-қабат, 209-кабинет.

Конкурстық жобаға көлемі екі беттен аспайтын түсіндірме жазба екі данада қоса беріледі.

Түсіндірме жазба Times New Roman қарпімен, 14 өлшемде, жоғарылық интервалы – бір жолдық болып рәсімделеді және онда жобаның негізгі идеясы, ескерткіштің сәулеттік-көркемдік және композициялық шешімінің сипаттамасы, сондай-ақ іргелес кеңістікті ұйымдастыру қағидаттары қамтылуы тиіс.

Белгіленген шарттарды, материалдардың құрамы мен рәсімделуіне қойылатын талаптарды бұза отырып ұсынылған немесе жобаларды қабылдаудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін тапсырылған конкурстық жобалар қарауға жіберілмейді.

4. Конкурстық материалдардың құрамы және оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар

Конкурстық жоба құрамында мыналар ұсынылуы тиіс:

1. Құрылыстың жұмыс жобасы 1:10-нан кем емес масштабта.
2. Құрылыстың орналасу сызбасы төрт негізгі бағытты көрсете отырып.
3. Құрылыстың бас жоспарының макеті 1:500 масштабта.
4. Белгіленген талаптарға сәйкес түсіндірме жазба.

Барлық графикалық материалдар өлшемі 60 × 80 см планшеттерде ұсынылады.

Конкурстық материалдардың графикалық орындалуы түрлі түсті болуы тиіс.

Макетті дайындау техникасы мен материалдарын автор өз бетінше айқындайды.

5. Конкурстық жобаларды қарау тәртібі

Белгіленген мерзімде келіп түскен барлық конкурстық жобалар Ақмола облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиямен конкурс талаптары мен шарттарына сәйкестігі тұрғысынан қаралады.

Жобаларды қарау кезінде шығармашылық орындалу сапасы, көркемдік бейненің мәнерлілігі, Абай Құнанбайұлының портреттік ұқсастығының ашылуы, сәулеттік-көркемдік және композициялық шешімі, сондай-ақ жобаның ескерткішті болжамды орнату орнына сәйкестігі ескеріледі.

Қарау қорытындысы бойынша комиссия кемінде үш конкурстық жобаны үздік деп таниды.

Іріктелген үздік жобалар тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті орган жанындағы монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияға одан әрі қарау үшін жолданады.

Конкурс шарттары, конкурстық материалдарға қойылатын талаптар және оларды ұсыну тәртібі туралы қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады:

Ақмола облысының мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы» КММ

Мекенжайы: Көкшетау қаласы, Әуезов көшесі, 218, 2-қабат, 209-кабинет.

Телефон: 8 (7162) 72-39-34

Электрондық пошта: gunasledie@mail.kz

Ақмола облысының мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы» КММ жұмыс уақыты: дүйсенбі–жұма, сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін.

Түскі үзіліс: сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін.

ВНИМАНИЕ! КОНКУРС!

ОТКРЫТЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ТВОРЧЕСКИЙ КОНКУРС НА ЛУЧШИЙ РАБОЧИЙ ПРОЕКТ ПАМЯТНИКА АБАЮ КУНАНБАЕВУ В ГОРОДЕ КОКШЕТАУ

Управление культуры Акмолинской области объявляет открытый республиканский творческий конкурс на лучший рабочий проект памятника выдающемуся казахскому поэту, мыслителю, просветителю и общественному деятелю Абаю Кунанбаеву в городе Кокшетау.

Срок приема конкурсных проектов

С 17 августа по 17 сентября 2026 года.

1. Цель конкурса

Целью конкурса является определение лучшего архитектурно-художественного и скульптурного решения памятника Абаю Кунанбаеву для последующего рассмотрения в установленном порядке.

Проект должен наиболее полно раскрывать образ Абая Кунанбаева, его историческое, духовное и культурное значение, вклад в развитие казахской литературы, культуры, образования и общественной мысли.

2. Программа конкурса

Памятник должен иметь выразительное, оригинальное и целостное архитектурно-художественное решение, гармонично вписываться в архитектурное и ландшафтное окружение города.

При разработке проекта необходимо учитывать градостроительные особенности места установки, масштабы окружающего пространства, визуальное восприятие памятника с прилегающих улиц и пешеходных зон, а также композиционное решение прилегающей территории.

В проекте необходимо предусмотреть применение долговечных, прочных и устойчивых к климатическим условиям материалов, в том числе гранита, мрамора, бронзы и других материалов, соответствующих требованиям, предъявляемым к сооружениям монументального искусства.

Место предполагаемой установки памятника: пересечение улиц Абая и К. Сатбаева, город Кокшетау.

3. Условия конкурса

В конкурсе могут принять участие скульпторы, а также авторские коллективы. Конкурсные проекты предоставляются в КГУ «Центр по охране и использованию историко-культурного наследия» управления культуры Акмолинской области не позднее 17 сентября 2026 года по адресу: г. Кокшетау, ул. Ауэзова, 218, 2 этаж, кабинет 209.

К конкурсному проекту прилагается пояснительная записка в двух экземплярах, объемом не более двух страниц.

Пояснительная записка оформляется шрифтом Times New Roman, размер 14, межстрочный интервал — одинарный и должна содержать основную идею проекта,

описание архитектурно-художественного и композиционного решения памятника, а также принципы организации прилегающего пространства.

Конкурсные проекты, представленные с нарушением установленных условий, требований к составу и оформлению материалов либо после истечения установленного срока приема, к рассмотрению не допускаются.

4. Состав конкурсных материалов и требования к оформлению

В составе конкурсного проекта необходимо представить:

1. Рабочий проект сооружения в масштабе не менее 1:10.
2. Ситуационную схему расположения сооружения с указанием четырех направлений света.
3. Макет генерального плана сооружения в масштабе 1:500.
4. Пояснительную записку в соответствии с установленными требованиями.

Все графические материалы представляются на планшетах размером 60 × 80 см. Графическое исполнение конкурсных материалов — в цвете.

Техника исполнения и материалы для изготовления макета определяются автором самостоятельно.

5. Порядок рассмотрения конкурсных проектов

Все поступившие в установленные сроки конкурсные проекты рассматриваются комиссией по охране памятников истории и культуры Ақмолинской области на предмет соответствия требованиям и условиям конкурса.

При рассмотрении проектов учитываются качество творческого исполнения, выразительность художественного образа, раскрытие портретного сходства Абая Кунанбаева, архитектурно-художественное и композиционное решение, а также соответствие проекта месту предполагаемой установки.

По результатам рассмотрения комиссия признает лучшими не менее трех конкурсных проектов.

Отобранные лучшие проекты направляются для дальнейшего рассмотрения в Комиссию по установлению сооружений монументального искусства при уполномоченном органе в сфере охраны и использования объектов историко-культурного наследия.

Дополнительную информацию об условиях конкурса, требованиях к конкурсным материалам и порядке их представления можно получить по адресу:

КГУ «Центр по охране и использованию историко-культурного наследия» Управления культуры Ақмолинской области

Адрес: г. Кокшетау, ул. Ауэзова, 218, 2 этаж, кабинет 209.

Телефон: 8 (7162) 72-39-34

Электронная почта: gunasledie@mail.kz

Часы работы КГУ «Центр по охране и использованию историко-культурного наследия» Управления культуры Ақмолинской области: понедельник–пятница с 09:00 до 18:30.

Обеденный перерыв: с 13:00 до 14:30.